

**ЮНИСЕФ**  
**Жасөспірімдер-**  
**дің дамуы мен**  
**атсалысуы**

Нәтижелерді жеделдету

Қазан, 2020

Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және олардың арасындағы суицидтердің алдын алу мәселесін Қазақстанның білім және денсаулық сақтау жүйелеріне енгізу



©2018 UNICEF/UN0214761/ANUSH BABAJANYAN VII

©2014 UNICEF/UN045583/GIACOMO PIROZZI



## Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және олардың арасындағы суицидтердің алдын алу мәселесін Қазақстанның білім және денсаулық сақтау жүйелеріне енгізу

### Бағдарлама мақсаттары:

Қазақстандағы жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және олардың арасындағы суицидтердің алдын алу. Жасөспірімдер, олардың қатарластары, қамқоршылары, мұғалімдер, медицина қызметкерлері және басқа да тұлғалар тарапынан суицидтерге, психикалық ауруларға және қызметтерге байланысты көрсетілетін стигмамен күрес.

### ЮНИСЕФ Қазақстан әдістемесі:

Секторлар, ұйымдар мен серіктестер арасында психикалық денсаулығында ақаулары бар және суицид қатері төнген жасөспірімдерді анықтайтын мәліметтер негізінде қарымта шаралар әзірлеу үшін ынтымақтастық орнату. Бағдарламаның ауқымы кеңейтілуін және білім мен денсаулық сақтау жүйелеріне жалпылтық деңгейде енгізу нәтижелеріне бағытталуын қамтамасыз ету.

### Контекст

2010 жылы Қазақстан үкіметі елдегі жастар қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің дағдарысқа ұшырау жағдайында өмір сүріп жатқанын мойындады: жасөспірімдер арасында суицидтер саны артып бара жатты. Келесі (2011) жылы суицид 15-19 жасар тұлғалар арасында өлім құшудың басты себебі болып танылды.<sup>1</sup>

100 000 жасөспірімге шаққанда 18-ге жуық суицид жасалатынын ескерсек, Қазақстанда жасөспірімдер арасында суицидтен көз жұму әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады; және ең маңыздысы, осы көрсеткіш тек тіркелген суицид оқиғаларын ғана көрсетеді, ал хабарланбай қалғандары ешбір есепте жоқ, сонымен бірге жоғары суицид деңгейі ересек жаста да

сақталады. Қазақстан үкіметі ерте жастан психикалық денсаулықты сақтауда қолдау көрсетудің, сонымен қатар, жасөспірімдерге бағытталған суицидтердің алдын алу шараларының маңыздылығын әлдеқашан болжап білді. Үкіметі бұрынғы серіктестеріне – Біріккен Ұлттар Ұйымының агенттіктеріне, ғылыми-білім беру мекемелеріне, халықаралық сарапшыларға, ұлттық денсаулық сақтау



Осы тақырыптық зерттеулер топтамасында Тұрақты даму мақсаттарын, соның ішінде Мықты денсаулық пен амандық (ТДМ 3); Сапалы білім (ТМД 4); Бейбітшілік, әділ сот пен тиімді институттар (ТДМ 16); және Тұрақты даму мақсатындағы серіктестік (ТДМ 17) мақсаттарын қолдауда жасөспірімдерге арналған нәтижелерге қалай жылдам жетуге болатыны көрсетілген.

ұйымдарына және өзге ұлттық және жергілікті мамандарға – зерттеулер жүргізуде, әрі заңнамалық және бағдарламалық қарымты шараларды іске асыруда ынтымақтастық орнату үшін жүгінді.

Суицидке жол ашатын факторлар сан қырлы. 2011 жылдың аяғында «Қазақстандағы балалар арасындағы суицид»<sup>2</sup> атты ЮНИСЕФ есебінде психикалық денсаулығындау ақаулар туындау және суицид жасау қатеріне ең көп шалдығатын жасөспірімдер болып отбасындағы ахуалмен, мектептегі қиындықтармен және оқшаулық сезімімен, жеке пікірін білдіру мүмкіндігінен айырылумен байланысты әлеуметтік, экономикалық және отбасылық факторлар ықпал ететін жасөспірімдер табылатынына ерекше назар аударылған. Осы жерде көрсетілген ендірімеде зерттеу нәтижелері және суицид жасау және суицид жасауға әрекеттену қатерінің негізгі факторлары жайлы деректер қорытылған. Есеп Қазақстандағы жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бойынша жалпыұлттық шараларды әзірлеудің негізін қалады.

## ЮНИСЕФ қолданған қарымта шаралар: Бағдарламалар әзірлеу

ЮНИСЕФ Қазақстан психикалық ауруларға шалдығу және суицид жасау қатері төнген жасөспірімдерге қолдау көрсету ауқымын қалай жеделдетуге және кеңейтуге болатынын зерттеді, қазір осы модель бүкіл елде Денсаулық сақтау министрлігінің (ҚР ДСМ), ҚР ДСМ Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының (РПДФПО) және «Bilim Foundation» Қоғамдық қорының қолдауымен қолданылып жатыр.

## Қарымта шаралардың тиімділігі үшін зерттеулердің басымдығын белгілеу

2012 жылы ЮНИСЕФ Қазақстан, Денсаулық сақтау министрлігі мен Молизе Университеті

### Қазақстандағы балалар арасындағы суицид туралы есепте<sup>3</sup> суицид жасау қатерінің негізгі факторлары көрсетілген:

- Әлеуметтік қолайсыздық
- Ата-ананың айырылысуы немесе ажырасуы
- Ата-анада психопатология болуы
- Отбасында суицид жасау оқиғаларының болуы
- Отбасындағы дау-жанжал
- Балалық шақта физикалық және/немесе сексуалдық зорлық-зомбылық көру
- Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас
- Стресс тудыратын өмірлік оқиғалар және қолайсыз өмірлік жайттар
- Институционализация
- Мектепте зорлық-зомбылық пен қорлық көру
- Ауылдық, шалғай және қалалық аймақта өмір сүрумен байланысты суицид жасауға септесетін факторлар

(Италия) жасөспірімдер арасындағы суицидтерді ерте анықтау, алдын алу және әрекет ету шараларын әзірлеуге арналған дәлелдер мен мәліметтерді жинау мақсатында бірлескен зерттеу жүргізді. «Қазақстан Республикасында суицид пен суицид әрекеттерінің таралу ауқымын, терең себептерін және қатер мен қорғау факторларын зерттеу»<sup>4</sup> Қазақстандағы жасөспірімдер суицидін әлдеқайда әлеуметтік-мәдени тұрғыдан түсінуді қамтамасыз етуге бағытталды. Атап айтқанда, ол суицид туралы ойлардың, суицид жасау әрекеттерінің, аяғына дейін жеткізілген суицидтердің таралу ауқымын таразылауға; анықталған көрсеткіштерді төмендету бойынша шынайы, әлеуетті, қысқамерзімді, ортамерзімді және ұзақмерзімді шаралар мен стратегияларды ұсынуға; қазір көрсетіліп жатқан қызметтер мен көмекке шолу жасауға; және дәрігерлерге, мұғалімдерге және саясаткерлерге арналған ақпараттық материалдар мен нұсқаулықтар әзірлеу үшін ақпарат беруге бағытталды.

Зерттеу көрсеткендей, суицидалды мінез-құлық қазақстандық жасөспірімдер мен жастар үшін үлкен мәселе болып табылады, әрі суицид туралы ойлайтын тұлғалар арасында депрессия мен үрейлілік кең таралған. Зерттеу барысында суицид жасау және суицидті аяғына дейін жеткізу

қатері жоғары жасөспірімдер мен олардың шектен тыс албырттығы, агрессияшылдығы мен қатерлі мінез-құлқы, психобелсенді заттарды қолдану, отбасында суицидалды мінез-құлық және/немесе қатыгездік немесе зорлық-зомбылық және психикалық денсаулықта кінәраттар болуы, тұлғааралық қарым-қатынаста дау-жанжалдар болуы, төмен төзімділік және балалық шақтағы жан жарақаттары арасында байланыс бар екенінің дәлелдері табылды. Септесуші факторлардың күрделілігі жасөспірімдер мен жастар арасындағы суицидтердің алдын тиімді алу көп қырлы болуы, әрі кешенді ұзақмерзімді ұлттық профилактика жоспары жасалуы, ем алуға деген сұранысты артып бара жатқанына ерекше назар аудару, клиникалық және қауымдық қызметтерді және олардың қолжетімділігін жетілдіру туралы ұсынымдар әзірлеуге алып келді.

Зерттеудің қорытынды бөлімінде үкімет, медицина қызметкерлері, педагогтар, қамқоршылар және жасөспірімдердің аман-саулығын қамтамасыз ету ісіне берілген өзге тұлғалар үшін жасөспірімдердің психикалық денсаулығы мен суицидке бару мәселелерін шешу аса қажет екені айтылған; әрі соған қажетті дәлелді әдістемелер мен ұсынымдар келтірілген. Осы мәліметтер сонымен бірге психикалық денсаулығы нығайту мәселесін ұлттық денсаулық сақтау және алғашқы медико-санитарлық көмек жүйелеріне енгізу қаншалықты маңызды екені туралы құнды мәліметтер берді.

## Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және олардың арасындағы суицидтердің алдын алу бағдарламасын жасау

«Қазақстан Республикасында суицид пен суицид әрекеттерінің таралу ауқымын, терең себептерін және қатер мен қорғау факторларын зерттеу»

есебінде Қызылорда (2015-2017) және Маңғыстау (2016-2018) облыстарында жүзеге асырылған 2015-2018 жылдарға арналған «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтердің алдын алу жобасы» (КТАСАЖ) атты Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және олардың арасындағы суицидтердің алдын алу бағдарламасын жасау кезінде қолданылған саяси және бағдарламалық ұсынымдар келтірілген. Қолдау көрсету және жедел үйлестіру үшін ЮНИСЕФ Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігімен, Білім және ғылым министрлігімен (ҚР БҒМ), ҚР ДСМ Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен (РПДФПО), Ішкі істер министрлігімен, екі облыстың білім және денсаулық сақтау департаменттерімен, әрі облыс әкімдерінің орынбасарларымен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Денсаулықты сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесі жетекшілік еткен Жұмыс топтарының құрамында тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасады.

КТАСАЖ үш жыл ішінде аталған облыстарда жасөспірімдер арасындағы суицид жасау қатерін азайтуға, сонымен қатар, бағдарлама ауқымын жалпыұлттық деңгейде кеңейтуге қатысты дәлелдер келтіруге бағытталды. Бастапқы жүзеге асыру сатысында, 2015-2018 жылдары, КТАСАЖ психикалық денсаулықты нығайту стратегиялары туралы білім таратты, оны үкімет пен қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдары бүкіл елдегі жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қорғау және олардың арасындағы суицидтердің алдын алу жөніндегі бағдарламаларды, хаттамаларды және саясаттарды реформалау кезінде қолданды.<sup>5</sup>

## Бағдарламаны жүзеге асыру

Қызылорда және Маңғыстау облыстарындағы 2015-2018 жылдарға арналған КТАСАЖ көптеген серік-тестермен бірге іске асырылған бірақатар шараларды қамтыды. Жоба ауқымын бүкіл елге кеңейту оны жүзеге асырудың үшінші жылы орын алды.

## Сектораралық серіктестіктің басымдығын айқындау

Бекіту, жер-жерде жүзеге асыру, нәтижелері мен ауқымы үшін кеңінен мойындалған КТАСАЖ жоғары деңгейде саяси қолдауға ие болды. Қазақстан Премьер-Министрі оны елде отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға бағытталған 2015-2020 жылдарға арналған жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына енгізді. Аталмыш іс-шаралар жоспары министрліктерді, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын және департаменттерді жоспарда баяндалған іс-қимылдарды орындауға міндеттеді. Осындай саяси қолдау КТАСАЖ жобасын бүкіл елде жүзеге асыру туралы үш министрліктің бірлескен бұйрығын шығаруға алып келді, бұл ретте жергілікті билік органдары жұмыс барысы туралы есептерді жоғары деңгейде өтетін саяси кездесулерде ұсыну үшін жауапты болып табылады.

Кейін ҚР ДСМ, ҚР БҒМ, РПДФПО және «Bilim Foundation» ҚҚ жобаны жүзеге асыруды (2017 жылдың аяғынан бастап) өз мойындарына алды. Осындай серіктестік КТАСАЖ жобасын қазіргі жүйелерге, атап айтқанда, мектептерде (мектеп пен колледж педагог-психологтарымен жұмыс жасау) және мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде (бағдарлама басталғанға дейін тек психиатриялық мекемелердегі медицина қызметкерлері ғана психикалық денсаулықты қорғау саласында дайындықтан өткен) енгізуге мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда ЮНИСЕФ оқу материалдарын ұсыну, үйлестіру және байланыс орнату мүмкіндіктерін беру, әрі жасөспірімдердің психикалық денсаулығы қорғалу құқығын қорғау арқылы РПДФПО мен басқа да серіктестерге қолдау көрсетуін жалғастырып келеді.

## Жеке және онлайн оқу материалдарын дайындау

Жобаның өзегі болып педагог-психологтардың және медицина қызметкерлерінің психикалық

денсаулығында кінәрат бар жасөспірімдерді, сонымен бірге суицид жасау қатері төнген жасөспірімдерді анықтау, тиісті және қолжетімді қызметтер мен ем көрсету мекемелерімен байланысқа шығару әлеуетін нығайту табылады. КТАСАЖ «Еуропадағы жастарды құтқару және олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» (SEYLE) және «Психикалық денсаулық мәселелерінен хабардар жастар» (YAM) атты еуропалық бағдарламаларды Қазақстанның жағдайына бейімдеу, соның ішінде қазақ және орыс тілдеріне аудару үшін психикалық денсаулықты қорғау саласындағы халықаралық және ұлттық мамандармен ынтымақтасты. Бұл мамандарды онлайн-модульдер мен бетпе-бет дәрістер көмегімен сенімді материалдарды қолдана отырып оқытуға мүмкіндік берді. «Bilim Foundation» ҚҚ<sup>6</sup> жобаға онлайн-мониторинг жүргізу құралын жасады. Бағдарлама ауқымы кеңейген сайын онлайн-және офлайн-оқыту моделі мектеп пен колледж қызметкерлерінің, сонымен қоса медицина қызметкерлерінің психикалық денсаулығында кінәрат бар және суицид туралы ойлайтын жасөспірімдерге мәдени және жас ерекшеліктеріне сай қолдау көрсетуге даярлығын арттырды.

## Жасөспірімдерге және олардың қауымдастықтарына мәдени тұрғыдан лайықты материалдар ұсыну

Хабардарлықты арттыру материалдарын әзірлеу кезінде КТАСАЖ командасы бірінші кезекте қолда бар материалдарды мұқият аударуға және мәдени ерекшеліктерге бейімдеуге көңіл бөлді. Команда, сондай-ақ, жасөспірімдерге көмек сұрауға кедергі келтіруі мүмкін стигманы әлсірете алатын идеялар тарату қажет екенін ерекше атап өтті. Мысалы, «Bilim Foundation» ҚҚ жасөспірімдерге, ата-аналарға, ұйымдарға және бұқаралық ақпарат құралдарына арналған дұрыс мінез-құлық, қарым-қатынас және өмірлік

дағдылар туралы, әрі қиын жағдайға қалған өздерін және өзгелерді қалай қорғай алатындай туралы мультимедиялық материалдар әзірледі. Оған қоса, олар шын өмірдегі бар адамдарды көрсету арқылы жасөспірімдер суицидті мен суицид туралы ойлардың қандай әсер тигізетіні туралы жасөспірімдер мен ата-аналардың бейнерепортаждарымен бөлісті.<sup>7</sup>

«Bilim Foundation» ҚҚ 9 сынып оқушыларына арналған өмірлік дағдыларды дамыту жөніндегі оқу бағдарламасын қазақ және орыс тілдерінде әзірледі, аталмыш бағдарлама алты модульден тұрады: салауатты өмір салты мен оның детерминанттары; эмоциялық зиялылық пен тұлғааралық қарым-қатынас; психикалық денсаулықты жақсарту және нығайту дағдылары; ұрпақ жалғастыру денсаулығын сақтауға және отбасын жоспарлауға септесуші дағдылар; жеке қауіпсіздік дағдылары; және кәсіптік бағдар. Бұл стресске төзімділікті арттыруды, дұрыс мінез-құлықты насихаттау мен жасөспірімдерде үрейлілік пен стрессті азайтуды мақсат тұтқан оқу бағдарламасы шеңберінде жасөспірімдердің шынайы білімге қолжетімділігі жақсартты және психикалық саулықты анықтайтын факторларға әлдеқайда кешенді әдістеме қолдануға септігін тигізді.

### Суицидтердің алдын алудағы басты кедергі ретінде стигмамен күрес

Қазақстанда психикалық денсаулыққа қатысты стигма жасөспірімдер арасында психикалық денсаулық пен суицид мәселелерін шешу жолындағы ең үлкен кедергі болған және сол күйі қала береді. Мысалы, жасөспірімдер психикалық денсаулық тексерісінен тек ата-аналарының келісімімен ғана өте алған. Алайда бағдарламаның ең басында мектеп пен колледж психологтары осындай тексерістердің пайдасын ата-аналар мен қамқоршыларға түсіндіруде және олардың келісімін алуда қиындықтарға тап болған. Мұндай мәселе

стигма және ата-аналар мен қамқоршылардың жеткіліксіз хабардарлығынан ғана емес, психологтар мен медицина қызметкерлерінің суицидалды мінез-құлықты қоғамдық денсаулық сақтау мәселесі ретінде қарауға құлықсыздығынан туындаған. Бұл ЮНИСЕФ пен серіктестердің КТАСАЖ бағдарламасына қатысатын психологтар мен медицина қызметкерлеріне жасөспірімдердің психикалық денсаулығын жақсырақ түсінуге (теория мен практика) және сонымен байланысты стигманы жеңу жолдарын ұғынуға көмектесу үшін арнайлы нұсқаулық жасауға алып келді.

**Стигма** – психикалық ауруға шалдыққан адамдарға қатысты (теріс көзқарас пен наным-сенім), қалыпты құбылыс болып табылады және кемсітуге алып келуі мүмкін. Стигманың кейбір зиянды салдарына жататындар:

- Көмек не ем алуға жүгінуге құлықсыздық
- Отбасы, достар, әріптестер немесе өзге адамдар тарапынан түсінбеушілікке тап болу сезімі
- Жұмысқа, оқуға немесе қоғамдық іске аз қызығушылық таныту
- Қорлау, физикалық зорлық-зомбылық немесе алымсақтық
- Өзіне сенбеу және жағдай оңалатынына сенімді болмау<sup>8</sup>

Жаңа нұсқаулық бойынша оқыту атысушыларға сөспірімдер суицидтерінің алдын алудағы өз рөлін жақсырақ түсінуге көмектесті. Бұл ерекше маңызды болды, себебі, КТАСАЖ тиімді скрининг жүргізуді және тиісті ем алу үшін мамандарға жіберуді қамтамасыз етуге қажетті білім мен мүмкіндіктерді алуға кедергі келтіретін олардың өз бойындағы стигмамен

күресу қабілетіне иек артады. Бұл, сондай-ақ, мамандар және ата-аналар мен қамқоршылар арасында қарым-қатынасты нығайтуға көмектесті. КТАСАЖ қызметкерлері аталмыш кедергілерді келтіретін ата-аналар мен қамқоршылар көбінесе қорқыныш, мазасыздық/күйгелектік, шок, ықтимал салдар кесірінен стресс, сенбеушілік, қиыншылықтар күту және арнайы емес негатив; күшті сезімдерді қабылдау немесе олардың жоқтығын сезінетінін анықтаған; ал жасөспірімдер болса, жалпы әлдеқайда ашық болған. Осы аспект анықталып, ақпараттық материалдар, шаралар мен кездесулер көмегімен еңсерілгеннен соң, жасөспірімдердің көпшілігі тексерістерге қатысуға және психикалық денсаулықты қорғау қызметтеріне жүгінуге рұқсат алған. Мысалы, бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші жылы (2015) Қызылорда облысының 300 мектебінде ата-аналардың 11 пайызы психикалық денсаулығында кінәрат туу немесе суицид жасау қатері жоғары жасөспірімдерді мамандандырылған қызметтер алуға жіберуден бас тартқан. Осы көрсеткіш 2016 жылы бес пайызға және 2017 жылы бір пайызға дейін түскен.<sup>9</sup>

2015–2017 жылдарға арналған КТАСАЖ жобасын бағалау<sup>10</sup> әлеуметтік байланысты орнату шараларын қолпаштау кең таралған стигма мен психикалық ауруға шалдыққандарды кінәлау мәдениетін түсіністік пен қамқорлық жағына қарай өзгертуге көмектескенін көрсетті. Ақпараттық материалдар, ата-аналар жиналысы, қауымдық және қоғамдық денсаулық форумдары, жасөспірімдер клубтары мен ақпараттық-ағарту жұмыстары (мысалы, қатарластардың қолдау көрсету топтарына және қоғамдық ойындарға шақыру<sup>11</sup>) және басқа да шаралар арқылы КТАСАЖ өзгерістерге, әсіресе, жасөспірімдер арасында педагог-психологтардың консультациясына сұранысы өскенде және мамандарға жіберу жиілеген кезде, куә болды.

## Ауқымды кеңейту кезінде өміршеңдікке ерекше көңіл аудару

Серіктестер, соның ішінде ЮНИСЕФ Қазақстан КТАСАЖ жобасын ұлттық білім және денсаулық сақтау жүйелеріне тиімді енгізу үшін ол қолжетімді болуы және өміршең деп қабылдануы тиіс екенін мойындады. Денсаулық сақтау, білім және ғылым, ішкі істер министрліктерімен, сонымен қатар, жергілікті педагог-психологтармен, медицина қызметкерлерімен және психикалық денсаулықты қорғау мамандарымен бірге хаттамалар мен тренингтер әзірлеу жобаға қолдау көрсетуде түрлі мүдделі тұлғаларды біріктіруде басты фактор болды. Ынтымақтастық қоғамдық денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған клиникалық нұсқаулықтар дайындауға, мәдени ерекшеліктерді ескере отырып оқытуға және суицид жасау мен психикалық денсаулықты кінәрат туындау қатерін анықтау мақсатында жасөспірімдер арасында тиімді скрининг жүргізуге алып келді. Аталғандардың атсалысуы түрлі саладағы мамандарға жасөспірімдердің аман-саулығын арттыру бойынша ортақ мақсатқа жетуде ортақ тұстар табуға мүмкіндік берді және КТАСАЖ жобасының тиімділігінің және өміршеңдігінің аса маңызды элементі болып танылды.

Шығын тиімділігі КТАСАЖ жобасын институцияландыру үшін әрдайым ықтимал кедергі болып табылады. Шығындарды азайту үшін жоба бағдарламаны қолданыстағы жүйелерге (мысалы, мектептер, колледждер, алғашқы медико-санитарлық көмек, халықпен жұмыс жасау орталықтары, т.б.) енгізу маңызды деп тапты. Енгізу үдерісі бағдарламаны РПДФПО мен «Bilim Foundation» ҚҚ құзырына тапсырғаннан кейін жалғасын тапты, аталмыш ұйымдар қолдау көрсетілетін жасөспірімге шаққандағы жалпы шығын 8 АҚШ долларынан төмен көлемде сақтауға тырысты. Бұл сомаға оқытуды қаржыландыру, нақты уақыт режимінде онлайн-мониторинг жүргізу,

электронды скрининг және қатер тобына жататыны анықталған барлық жасөспірімдерді бақылау кезінде толық қолдау көрсетуді қамтыды.

Ведомствоаралық ынтымақтастық жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайтуға және олардың арасындағы суицидтердің алдын алуға тұрақты көңіл бөлудің ажырамас бөлігі болып табылады. Мысалы, 2015 жылдан бастап КТАСАЖ аясына Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының психикалық денсаулықты қорғау саласында олқылықтардың орнын толтыру бойынша материалдары мен әдістемелері (mhGAP)<sup>12</sup> кіретін болды. ДДСҰ mhGAP психикалық және неврологиялық бұзылыстарға сонымен қатар, психобелсенді заттарды қолданумен байланысты бұзылыстарға

шалдыққа тұлғаларға арналған қызметтерді, тіпті ресурстары шектеулі елдерде, оқу модульдерінің көмегімен жетілдіруге бағытталған. Қазіргі уақытта оны Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіне жалпыұлттық деңгейде енгізу қарастырылып жатыр. ДДСҰ, ЮНИСЕФ пен серіктестер mhGAP материалдарын қазақстандық жағдайға бейімдеуді және РПДФПО мен ұлттық тренерлер резервінің оны жүзеге асырудағы әлеуетін арттыруды жалғастырып жатыр. mhGAP барлық модульдерінде балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығының барлық тұстарын толығымен қамтитындықтан, бүкіл елде барлық жасөспірімдердің, жобаға қатысатынына не қатыспайтынына тәуелсіз, игілігі үшін қызметтерді жетілдіре отырып, КТАСАЖ жобасын толықтырады.

## Бағдарлама нәтижелері

### Ауқымы мен әсерін кеңейту

Қызылорда облысында 2017 жылы КТАСАЖ аясында 312 мектеп пен колледжде 48 754 жасөспірім тексерілді, суицид жасау қатері төнген 2500 жуық жасөспірім анықталды.

Олардың 90% астамы мамандарға қосымша қолдау алуға жүгінді. Маңғыстау облысында 2016-2018 жылдары 153 мектеп пен колледжден 35000 астам жасөспірім қатысты. Маңғыстау облысында жүргізілген жекелеген бағалау Қызылорда облысына да қатысы ұқсас нәтижелерді айқындады, қатысушы жасөспірімдер жалпы хал-жағдайлары жақсарғанын, үрей мен стресс симптомдары азайғанын, суицид туралы ойлар азырақ көрініс беретінін және көмекке жүгінуге ойдан шығарылған кедергілер азайғанын, әсіресе, КТАСАЖ жобасына қатыспаған жасөспірімдерге қарағанда қатер тобына кіретін жасөспірімдер хабарлады.

#### Қызылорда облысындағы 2015-2017 жж. арналған КТАСАЖ<sup>13</sup>

КТАСАЖ бағдарламасының бастапқы көрсеткіштерімен салыстырғандағы көрсеткіштердің төмендеуі

**31.1%** Суицид туралы ойлар **80.6%** Үрейлілік

**56.1%** Депрессия **65.0%** Стресс

Төмендеген көрсеткіштер КТАСАЖ ерекше тиімді болған қатер тобына кіретін жасөспірімдерге қатысты.

2017 жылы үкімет өңірлерді жоба ауқымын жедел кеңейтуге шақырды, жоба біреуін қоспағанда Қазақстанның барлық 17 өңірінде жүргізіліп, 2018 жылға қарай елдегі мектептердің 39 пайызын (3250 астам мектепті) қамтыды<sup>14</sup>. Бірлескен бұйрыққа сай жергілікті өзін-өзі басқару органдары жоба ауқымын кеңейтуге қаражат бөлді. ЮНИСЕФ пен РПДФПО жергілікті билік органдарына және орындаушы серіктестерге, соның ішінде 10 өңірде жергілікті білім және денсаулық сақтау басқарамаларына және алты өңірде «Bilim Foundation» ҚҚ КТАСАЖ ауқымын кеңейту үдерісін басқару жөнінен техникалық көмек пен ұсынымдар берді.



## Заңнамаға тигізген әсері: дәлелдер және қорғау

Мәліметтер жинау және пайдалану, бірлескен үдерістер, әрі жасөспірімдердің психикалық денсаулығындағы кінәраттарға және олардың арасындағы суицидтерге қатысты алдын алушы шаралар қолданудың құндылығы туралы КТАСАЖ шеңберінде алынған ақпаратпен және дәлелдермен алмасу психикалық денсаулықты қорғау мәселесін 2018 жылғы саясатты реформалау шеңберінде қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне енгізу бойынша ұлттық шараларды жеделдетуге катализатор ретінде әсер еткен басты факторлар болды. Бұл тек жасөспірімдердің ғана емес, бүкіл халықтың психикалық денсаулығын қорғауға қатысты болды. ҚР ДСМ жекелеген психикалық денсаулық кінәраттарының алдын алуды, бақылауды және емдеуді тек мамандандырылған психиатриялық клиникалардан жалпы тәжірибелік дәрігерлердің (ЖТД) амбулаториялық қызметіне ресми түрде ауыстырды. Бұл айтарлықтай дәрежеде психиатриялық қызметтердің жасөспірімдер мен бүкіл халық үшін қолжетімділігін жақсартуға және психиатриялық клиникаларға барумен байланысты стигманы азайтуға көмектесті.

2018 жылғы реформа жасөспірімдердің қолжетімді психикалық денсаулықты қорғау қызметтерін алу мүмкіндігі тұрғысынан маңызды өзгерістерге жол ашты. КТАСАЖ аясында психикалық денсаулықты тексеру 18 жасқа дейінгі жасөспірім қыздарға үйде зорлық-зомбылық көрсету жайттарын анықтады, аталмыш жайттар қыздардың психиатриялық орталықтарда көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу үшін ата-аналарының келісімін алуды қиындатқан. Осындай қорытындыларға негізделе отырып, ЮНИСЕФ, ЮНФПА және басқа да серіктестер ҚР ДСМ-мен

жұмыс жасауды жалғастырып, ҚР ДСМ Парламентке міндетті түрде ата-ана келісімін алуды қарастыратын Денсаулық туралы кодекске өзгертулер енгізу туралы ресми сұрау жолдады. Парламент 2020 жылы заңнамаға жасөспірімдердің ата-анасының келісімін алу жасын 16-ға дейін төмендету туралы өзгертулер енгізуді мақұлдады. Оған қоса ҚР ДСМ қазіргі уақытта психикалық денсаулықты қорғауды алғашқы медико-санитарлық көмекке енгізуге бағытталған саясаттарды реформалаумен айналысып жатыр, ал 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы КТАСАЖ ауқымын әрі қарай кеңейту жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қорғаудың негізгі компоненті ретінде ілгері бастырып жатыр. Қазақстан үкіметі психикалық денсаулықты қорғау қызметін қаржыландыруды 25%-ға ұлғайтты және қаржылай қолдау көрсетуді жалғастыруға міндеттелді.

## Алынған сабақтар

**Стигманы жасөспірімдердің суицид туралы ойларына және психикалық денсаулықтарындағы кінәраттарға қатысты шара қолдану үшін кедергі деп тану керек.**

КТАСАЖ арқасында мүдделі тараптар стигманы шынайы түсіну және онымен күресу жасөспірімдердің психикалық денсаулықты қорғау және суицидтердің алдын алу қызметтеріне қолжетімділігіне тосқауыл болатын кедергілерді бүкіл бағдарлама бойы да, ұзақмерзімді насихат шараларында да азайту үшін ең маңызды аспект болып табылатынын білді. Атап айтқанда, бұған жасөспірімдердің психикалық денсаулықты тексеруге немесе емдеуге құлықсыздығын немесе суицидалды мінез-құлқын түсіну үшін ата-аналармен және қамқоршылармен жұмыс жасау кірді. Ата-аналар мен қамқоршылар көбінесе «вахтер»<sup>15</sup> рөлін атқара алатындықтан, олардың мәселелерін шешу өте

маңызды болды, себебі, мәселелердің көпшілігі стигмадан туындап отырған.

### Ауқымды кеңейтуге дайындық

ЮНИСЕФ Қазақстан мен серіктестер психикалық денсаулық кінәраттарының және суицидтердің алдын алудың дәл осындай ауқымын жедел кеңейтуге болатын бағдарлама әзірлеу кезінде зерттелгені жөн екі негізгі саланы анықтады.

■ Бағыт сілтеу саны артқанда қызмет көрсетушілерге қолдау көрсету қажет екенін алдын-ала білу. Жоба табысы мамандандырылған қызметтерге сұраныстың артуына және мектеп психологтарына көбірек қолдау көрсетуге алып келді. Бағыт сілтеу саны артып кеткендіктен үйлестіру мақсатында қосымша оқыту және басқа да қолдау көрсету – мысалы, топтық консультация – бағдарлама басында артып кеткен сұранысты қанағаттандыруға көмектесер еді.

■ Жасөспірімдердің психикалық денсаулығына және олардың арасындағы суицидтерге ерекше зер салу жалпы психикалық денсаулыққа көбірек көңіл бөлу мүмкіндігіне айнала алатынын алдын-ала білу. Мысалы, КТАСАЖ психикалық денсаулықты қорғау мәселесін елдегі алғашқы медико-санитарлық көмек (АМСК) жүйесіне енгізуді жеделдеткен болар, себебі, АМСК қызметтерінсіз психикалық денсаулықты және суицидалды мінез-құлықты тиісінше емдеу халықтың басым бөлігіне қолжетімсіз болуы мүмкін екенін көрсетті. Осындай мүмкіндіктерді бағдарлама әзірлеу кезінде талдап және оны жүзеге асыру кезінде ақпараттық-насихаттау жұмыстарына енгізу арқылы пайдаланып қалу керек.

### Алты өңірдегі КТАСАЖ ауқымы мен әсері (2017-2018 жж.)

**10,000+** КТАСАЖ бағдарламасына қатысқан жасөспірім мектепте/колледжде скрининг жүргізу немесе басқа мамандарға жіберу (соның ішінде өз бетінше жүгінген) кезінде психикалық денсаулықта кінәрат туу немесе суицидалды мінез-құлыққа қатысты қатер тобына жататыны анықталды.

**1,500+** қатер тобына кіретін жасөспірімді дереу психикалық денсаулық қорғау қызметтерінің білікті мамандарына жіберу қажет болды.

**232,000+** жасөспірім хабардарлықты арттыру, өмірлік дағдыларға үйрету және психикалық денсаулықты тексеру шараларына қатысты.

**116,000** мектеп және психолог психологтары мен қызметкерлері «вахтер»<sup>15</sup> ретінде оқытылды.

**1,580+** алғашқы медико-санитарлық көмек және психиатриялық көмек қызметкерлері психикалық денсаулығында кінәраты бар немесе суицидалды мінез-құлық көрсететін жасөспірімдерді бақылау бойынша оқытылды.

### Мәліметтер күшін ақпараттық-насихаттау жұмыстары және ұзақмерзімді өзгерістерге әсер ету үшін пайдалану

Жоба мәліметтер, соның ішінде бағалау мәліметтерін жинауға басым көңіл бөлгендіктен, КТАСАЖ ЮНИСЕФ бағдарламаларын әзірлеуге жаһандық деңгейде әсер етті, себебі, ол жасөспірімдердің психикалық денсаулығы мен суицид агенттік тарапынан жіті көңіл бөлуді талап ететін жаңа мәселелер болып табылатыны туралы дәлелді мәліметтер ұсынды.<sup>16</sup> Оған қоса, 2018 жылы жобаны бағалау<sup>17</sup> ЮНИСЕФ-те бағдарламаларын әсерін бағалаудың ең тиімділерінің сегіздігіне кірді.<sup>18</sup>

Өңірлік деңгейде Қазақстан үкіметі ЮНИСЕФ қолдауымен КТАСАЖ тәжірибесін пайдасына жаратып, 2018 жылы Балалар мен

жасөспірімдердің психикалық денсаулығы мен амандығын нығайту жөніндегі 1-ші халықаралық конференцияны ұйымдастырды.<sup>19</sup> Конференция жасөспірімдердің психикалық денсаулығы және суицидтің алдын алу бағдарламалары, сонымен қатар, Еуропа мен Орталық Азиядағы жеті елден келген делегация көмегімен аймақтағы басқа елден озық саяси реформалар туралы білім таратуда маңызды рөл атқарды.

2019 жылы денсаулық сақтау және білім мен ғылым министрліктері, ЮНИСЕФ Қазақстан, Еуропа мен Орталық Азиядағы Аймақтық ЮНИСЕФ бөлімшесі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропа мен Орталық Азия елдерінің қатысуымен балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы мен амандығын нығайту жөніндегі екінші халықаралық конференцияны ұйымдастырды.<sup>20</sup> Конференция Қазақстанның қосалқы аймақты балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын мен амандығын қорғау мен нығайтуға реформа жүргізуде көш бастап тұрғанын растады.

## Қорытынды

Қазақстандық жасөспірімдердің психикалық



Қазақстандық жастар жасөспірімдерге пайда тигізе алатын психикалық денсаулық мәселелерін және аман-саулық стратегияларын зерттеуде. Мұнда ересек жасөспірімдер ЮНИСЕФ ұйымының жасөспірімдердің дамуы мен атсалысуы секторы мен РПДФПО үйлестіретін «Жасөспірімдерге аман-сау болуға көмектесу» (НАТ) фокус-тобында бағдарламалар әзірлеуге арналған идеяларын ұсынып жатыр.

© 2019 UNICEF KAZAKHSTAN

денсаулығын нығайту және олардың арасындағы суицидтердің алдын алу жобасы бүкіл елдегі жасөспірімдерге оң әсер етті, себебі, мысалы, елдегі 15-19 жасар жасөспірімдер арасындағы суицидтер деңгейі төмендеуі жалғасып келеді. Жасөспірімдердің психикалық денсаулығы мен олардың арасындағы суицид көп қырлы себептерінен және балалық шақтағы жан жарақаттарымен байланысты болғандықтан жаңа, әі күрделі сала болып қала береді. Бағдарламалар, әдістер, құралдар мен процедуралар жетілдіріліп жатыр; ал Қазақстанның тәжірибесі көрсетіп тұрғандай, келер жылдары бұрынғыдан да жан-жақты шаралар қажет болады. КТАСАЖ психикалық денсаулықты қорғау саласында нақты деректерге негізделген қарымта шаралар әзірлеуді сектораралық әдістеме қолдану, хабардарлықты арттыру, әлеуетті асыру, бағалау мен ақпараттық-насихаттау жұмыстары жасөспірімдер зақым келтіруден ада салауатты өмір сүруге қатысты құқықтары туралы мәлімдеу үшін стигма мен жүйелерді өзгерту тұрғысынан толықтай қажет.

## Қосымша әдебиет пен ақпарат

- [Қазақстандағы суицид профилактикасын бағалау. Қысқаша есеп](#)
- [Қазақстандағы суицид профилактикасын бағалау. Толық есеп](#)
- [Қазақстан, Қазақстан, Қызылорда облысындағы жасөспірімдер арасында психикалық денсаулықты нығайту және суицидтің алдын алу. Тысқары тәуелсіз бағалаудың негізгі нәтижелері және өнегелі тәжірибе](#)
- [Қазақстан Республикасында суицид пен суицид әрекеттерінің таралу ауқымын, терең себептерін және қатер мен қорғау факторларын зерттеу](#)
- [Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының суицидтер туралы есебі: Суицидтердің алдын алу. Жаһандық пәрмен](#)

## Алғыс білдіру және байланыс мәліметтері

- Айгүл Кадирова, ЮНИСЕФ Қазақстан «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасын үйлестіруші: [akadirova@unicef.org](mailto:akadirova@unicef.org)
- Эльвира Яушева, ЮНИСЕФ Қазақстан Байланыс жөніндегі бөлім басшысы; [eyausheva@unicef.org](mailto:eyausheva@unicef.org)
- Әсел Садуова, ЮНИСЕФ Қазақстан Қоғаммен байланыс маманы; [asaduova@unicef.org](mailto:asaduova@unicef.org)

## Сілтемелер

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері бойынша

<sup>2</sup> [https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/152893/Suicide%20report%20a%20global%20imperative%20\(Rus\).pdf?sequence=3](https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/152893/Suicide%20report%20a%20global%20imperative%20(Rus).pdf?sequence=3)

<sup>3</sup> <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/2191/file/%D0%9F%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%BD%D0%B0%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20.pdf>

<sup>4</sup> <https://cutt.ly/hgej32Z>

<sup>5</sup> <https://cutt.ly/DgrPW2Y>

<sup>6</sup> <https://bilimfoundation.org/> (мониторинг құралына қолжетімділік шектелген)

<sup>7</sup> <https://bilimfoundation.org/>

<sup>8</sup> [www.mayoclinic.org/diseases-conditions/mental-illness/in-depth/mental-health/art-20046477](http://www.mayoclinic.org/diseases-conditions/mental-illness/in-depth/mental-health/art-20046477)

<sup>9</sup> Қызылорда облысының Білім басқармасының мәліметтері бойынша

<sup>10</sup> <https://cutt.ly/ZgrPWmK>

<sup>11</sup> <https://the-steppe.com/lyudi/pokolenie-neravnodushnyh-istorii-shesti-neobychnyh-podrostkov>

<sup>12</sup> [https://www.who.int/mental\\_health/mhgap/ru/](https://www.who.int/mental_health/mhgap/ru/)

<sup>13</sup> <https://cutt.ly/bgrPQ1X>

<sup>14</sup> Мәліметтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің көмегімен жиналған

<sup>15</sup> Ықтимал «вахтерлерге» (gatekeeper) жататындар: алғашқы, психиатриялық және жедел медициналық жәрдем көрсетушілер; мұғалімдер және басқа да мектеп қызметкерлері; көрнекті қоғам қайраткерлері; полиция, өрт сөндіру және басқа да жедел әрекет ету қызметтерінің қызметкерлері; әскери қызметкерлер; әлеуметтік қызметкерлер; рухани және діни жетекшілер немесе халық емшілері; кадрлық ресурстар мен менеджерлер; басқалары

<sup>16</sup> 2018-2021 жылдарға арналған ЮНИСЕФ стратегиялық жоспары: [www.unicef.org/media/48126/file/UNICEF\\_Strategic\\_Plan\\_2018-2021-ENG.pdf](http://www.unicef.org/media/48126/file/UNICEF_Strategic_Plan_2018-2021-ENG.pdf)

<sup>17</sup> <https://cutt.ly/4gej5sd>

<sup>18</sup> [www.unicef.org/evaldatabase/index\\_103300.html](http://www.unicef.org/evaldatabase/index_103300.html)

<sup>19</sup> [https://www.unicef.org/kazakhstan/media/5986/file/2018\\_AMH\\_Premeeeting\\_Report\\_RUS.pdf](https://www.unicef.org/kazakhstan/media/5986/file/2018_AMH_Premeeeting_Report_RUS.pdf)

<sup>20</sup> [http://www.sos-kazakhstan.kz/ru/news/soveschanie-partnerov-po-teme-psihicheskoe-zdorove-i-blagopopoluchie-podrostkov-v-vostochnoy-evrope-i-centralnoy-azii\\_686](http://www.sos-kazakhstan.kz/ru/news/soveschanie-partnerov-po-teme-psihicheskoe-zdorove-i-blagopopoluchie-podrostkov-v-vostochnoy-evrope-i-centralnoy-azii_686)